

Педагогтердің лауазымдарына орналасуға конкурстық комиссиясының №12 отырыс хаттамасы

**Абай облысы білім басқармасы**

**«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК**

Семей қаласы

«01» қараша 2023 жыл.

**Қатысқандар:** Комиссия төрағасы, комиссия мүшелері, бос лауазымға үміткер оқытушылар мен комиссия хатшысы.

**Қатыспағандар:** 0 (байланысқа шықпауына байланысты)

**Күн тәртібі:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу. «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК <https://pkollsemey.edu.kz/> сайтына, еңбек. Kz, Facebook интернет - ресурсында хабарландыру орналастырылды. Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2023 жылдың 13 қазаннан-27 қазан аралығын қамтыды.
2. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасуға құжаттар қабылдау мерзімі: 2023 жылдың 24 қазаннан-31 қазан аралығын қамтыды.

**Тыңдалды:** Комиссия хатшысы А.Т.Толегенова комиссия мүшелерін М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжіндегі бос лауазымдармен таныстырды: 1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-1 жүктеме, 2. Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы (казак тілді) – 1 жүктеме, 3. Информатика пәнінің оқытушысы (казак және орыс тілді) -1 жүктеме. Хатшы А.Т.Толегенова комиссия мүшелерін конкурсты өткізу және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1017 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларымен» таныстырып өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бос лауазымына орналасу конкурсына жалпы 1 үміткер өтініш тапсырды: **Нурланова Айгерім Қуандықовна**, педагогтердің бос лауазымдарына орналасу конкурсына жалпы 5 оқытушы шақырылды, соның ішінде 3 оқытушы келді, 2 оқытушы конкурсқа келмеу себепті қатыспай қалды.

**Колледж директоры Ш.А.Жанаева** колледжде ұсынылып отырған бос лауазымдар бойынша ақпарат беріп өтті. Педагогтердің жұмыс уақыты мен еңбек тәртібі бойынша да сөз қозғалды. Колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстырды. Оқу орнында Әдеп кодексі сақталатындығы туралы айтылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жұмыс уақыты мен еңбек тәртібі бойынша сөз қозғалды.

**Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К. Боленбаева** педагогтердің біліктілік санаттары мен жетістіктеріне басты назар аударылатындығын атап кетті. Биылғы оқу жылынан бастап колледжге жаңадан қабылданатын оқытушылардың ҰБТ тапсырулары міндетті екендігін айтты. ДТЖО орынбасары оқу орнындағы тәрбие жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және бақылауға міндетті екендігін, колледж студенттерін әлеуметтендіру бойынша да көптеген жұмыстар жүргізілетіндігі аталып кетті. Колледждегі ата-ана қамқорлығынсыз қалған, понтранаттағы студенттердің бар екендігі, әр студентпен жеке жұмыс жүргізу керек екендігін айтты.

«Дене тәрбиесі және спорт» ПӘК төрайымы-Б.Т. Кабаева дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы бос лауазымына келген конкурсантпен дене тәрбиесі және спорт саласы туралы әңгімелесу жүргізді.

**Бөлім меңгеруші А.Б. Сентаева** информатика пәнінің оқытушысы бос лауазымына келген конкурсанттардан информатика сабағында қолданылатын қандай программа, платформаларын білетіндігін сұрады.

Сондай-ақ, комиссия мүшелері үміткерлердің ұсынылған құжаттарын зерттегеннен кейін кандидаттардың кәсіби қасиеттерін бағалау үшін және ДТІЖ орынбасары лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында әңгімелесу өткізді. ДТІЖО лауазымына үміткер А.К.Нурланованың портфолиосы мен жетістіктеріне де назар аударды.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бос лауазымына орналасуға конкурста ашық дауыс беру нәтижесі бойынша А.К.Нурланованы ДТІЖ орынбасары лауазымына сайлау кезінде комиссия дауыс берді:

«қарсы емес»-7 (жеті);

«қарсы»- 0 (нөл);

«қалыс қалды»- 0 (нөл);

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: 2023-2024 оқу жылына арналған оқытушылардың бос лауазымдарға орналасуға конкурс комиссиясының шешімі бойынша 1 (бір) оқытушы қабылданды.

**Қаулы:**

1. Директордың ТІЖ орынбасарының бос лауазымына орналасуға конкурс өткізілді деп жариялансын.
2. Конкурс нәтижелері жеңімпазды жұмысқа қабылдау үшін негізі болып саналсын.
3. **Нурланова Айгерим Куандықовна**, директордың ТІЖ орынбасары лауазымына орналасуға арналған конкурстың жеңімпазы болып танылсын.
4. Информатика пәнінің оқытушысы бос лауазымына **Дюсембинова Айжан Уразғалиевна** конкурстан өтті.

**Конкурс төрағасы:** Жанаева Ш.А.,директор \_\_\_\_\_ *mg*

**Конкурс мүшелері:**

- 1.Боленбаева А.К., директордың ОІЖО \_\_\_\_\_ *Дю*
- 2.Л.Н.Нугумарова, кәсіподақ ұйымының төрайымы \_\_\_\_\_ *13*
3. Искакова К.А., директордың ІТЖО \_\_\_\_\_ *ju*
4. Алканова З.С.-директордың ҒӨІЖО \_\_\_\_\_ *37*
- 5.Сентаева А.Б. – бөлім меңгерушісі \_\_\_\_\_ *Сентаева*
- 6.Кабаева Б.Т.-«Дене тәрбиесі және спорт» ПӘК төрайымы \_\_\_\_\_ *28*

**Хатшы:** \_\_\_\_\_ *af* А.Т.Голегенова